



KazakhExport

**Акционерное общество «Экспортная
страховая компания «KazakhExport»**

"KazakhExport" экспорттық сақтандыру компаниясы" акционерлік қоғамының 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін жылдық қаржылық есептілігін, өткен қаржы жылындағы таза табысты бөлу тәртібін, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу, бір жай акцияға шаққандағы дивидендтің мөлшерін бекіту, жалғыз акционердің "KazakhExport" экспорттық сақтандыру компаниясы" акционерлік қоғамының және оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекеттеріне жүгінулері туралы, сондай-ақ "KazakhExport" экспорттық сақтандыру компаниясы" акционерлік қоғамының Директорлар кеңесі мен Басқармасы мүшелерінің 2019 жылғы сыйақы мөлшері мен құрамы туралы ақпаратты назарға алу туралы

1. "KazakhExport" экспорттық сақтандыру компаниясы" акционерлік қоғамының (бұдан әрі – "KazakhExport" ЭСК" АҚ) 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін осы хаттаманың № 5 қосымшасына сәйкес қаржылық есептілігі бекітілсін.

2. "KazakhExport" ЭСК" АҚ-ның (Нұр-Сұлтан қ., Мәңгілік Ел даңғылы, 55А, деректемелері: "Қазақстан Халық банкі" АҚ, ЖСК – KZ626010131000096412, HSBKKZKX, БСН 030840002763, Кбе 15) 2019 жылы 2 355 586 026,70 (екі миллиард үш жүз елу бес миллион бес жүз сексен алты мың жиырма алты) теңге 70 тиын мөлшеріндегі таза табысын бөлудің келесі тәртібі бекітілсін:

2 355 586 026,70 (екі миллиард үш жүз елу бес миллион бес жүз сексен алты мың жиырма алты) теңге 70 тиын мөлшеріндегі сома "KazakhExport" ЭСК" АҚ-ның Жалғыз акционеріне дивидендтерді төлеуге жіберілсін.

3. Дивиденд мөлшері "KazakhExport" ЭСК" АҚ-ның бір жай акциясына есептегенде 25 954,01 (жиырма бес мың тоғыз жүз елу төрт) теңге 01 тиын мөлшерінде бекітілсін.

4. Осы шешім қабылданған күннен бастап дивидендтерді төлеуді бастау күні айқындалсын.

5. "KazakhExport" ЭСК" АҚ 2020 жылдың 1 маусымына дейінгі мерзімде Қоғам акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесінде көрсетілген "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ банктік шотына қолма-қол ақшасыз аудару жолымен ақшалай түрде дивидендтерді төлеуді жүргізісін.

6. Жалғыз акционердің "KazakhExport "ЭСК" АҚ-ның және оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекетіне жүгінулерінің жоқтығы және

оларды 2019 жыл ішінде қарау қорытындылары туралы ақпарат назарға алынсын.

7. Осы хаттамаға № 7 қосымшаға сәйкес 2019 жылы "KazakhExport" ЭСК" АҚ Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелеріне сыйақы мөлшері мен құрамы туралы ақпарат назарға алынсын.

8. "KazakhExport" ЭСК" АҚ Басқарма төрағасы осы шешімнен туындайтын шараларды қабылдасын.

9. Осы шешім "KazakhExport" ЭСК" АҚ жалғыз акционерінің шешімі болып табылады.